

Қаратау гуманитарлық-техникалық колледжі

Қамқоршылық кеңестің хаттамасы

№ 5

Қаратау қаласы

« 23 » қараша 2018 жыл

Қатысқандар:

- | | |
|-------------------|--|
| Жолдасов Қ.Б. | - колледж түлегі, «Талас жолдары» ЖШС басшысы |
| Қартабаев Ғ.Т. | - «Нұр Отан» партиясы Талас аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары |
| Аманжолова Ұ.М. | - ата-аналар комитетінің төрайымы |
| Төлебаев А.Т. | - колледж түлегі, аудандық мәслихаттың хатшысы |
| Омаров Қ.К. | - «Казфосфат» ЖШС Шолақтау ТКӨК басшысы |
| Сейдалиев Р.М. | - «Игілік» көпсалалы кәсіпорынның директоры |
| Тоқмырзаев Ғ.Е. | - Талас ауданы әкімі аппаратының ұйымдастыру-инспекторлық бөлімінің бас инспекторы |
| Сембин Б.Ж. | - ата-аналар комитетінің мүшесі |
| Естенбаева А.Т. | - ата-аналар комитетінің мүшесі |
| Жумадилдаева М.Б. | - ата-аналар комитетінің мүшесі |

Қатыспағандар:

- | | |
|---------------|---|
| Изенбаев М.К. | - «Бином» ЖШС бас инженері (іс сапарда) |
|---------------|---|

Шақырылғандар:

- | | |
|-----------------|---------------------|
| Маселбеков Д.М. | - колледж директоры |
|-----------------|---------------------|

КҮН ТӘРТІБІ

1. Қамқоршылық кеңесінің 2017-2018 оқу жылында атқарылған жұмыстарының қорытындысы
2. Қамқоршылық кеңестің жаңа құрамын бекіту

Бірінші мәселе бойынша

СӨЙЛЕГЕНДЕР: Қ. Жолдасов

Қ. Жолдасов, кеңес төрағасы - өз сөзінде, 2017-2018 жылы қамқоршылық кеңестің үш тұрақты жұмысшы тобын құрылып, өз бағыттары бойынша жұмыстар жүргізді.

Бірінші бағыт: материалдық-техникалық базасын нығайту және қаржылық талдау

Екінші талдау: студенттердің оқу-өндірістік іс-тәжірибелері және түлектердің жұмыспен қамтылуы, кәсіпорындармен байланысы

Үшінші бағыт: студенттердің әлеуметтік қамтылуы және тәрбие жұмысы

Бірінші бағыт бойынша жұмысшы тобына:

- Қ.Жолдасов (төраға); А.Төлебаев; Ғ.Токмырзаев

Екінші бағыт бойынша жұмысшы тобына:

- Р.Сейдалиев (төраға); Қ.Омаров; М.Изенбаев; Ғ.Қартабаев

Үшінші бағыт бойынша жұмысшы тобына:

- Аманжолова Ұ (төрайым); Б. Сембин; А.Естенбаева; Т.Науанова

Білімгерлердің іс-тәжірибелерінің сапалы өтуіне мекемелермен байланыс орнатылып, білімгерлер заманауи тұрғыдан теориямен практиканы ұштастыра алуына ықпал етті.

Қамқоршылық кеңес мүшелері жан-жақты талқылай келе бірауыздан төмендегідей шешім қабылдады.

ШЕШІМІ:

Қамқоршылық кеңестің өткен мерзімдегі жұмысына қанағаттанарлық деп есептелінсін.

Екінші мәселе бойынша

СӨЙЛЕГЕНДЕР: Д.Маселбеков, Ғ.Токмырзаев

Д. Маселбеков, колледж директоры - өз сөзінде, «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдеде № 355 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 02.04.2018 жылғы №123 бұйрығының 8 және 13 тармағына сәйкес Қамқоршылық кеңес мүшелерінің өкілеттік мерзімі үш жылды құрайтындығын және қамқоршылық кеңестің хатшысы білім беру ұйымдары қызметкерлері арасынан тағайындалатынын айтты. Сонымен қатар кеңестің жұмысына сәттілік тіледі.

Ғ.Токмырзаев, Талас ауданы әкімі аппаратының ұйымдастыру-инспекторлық бөлімінің бас инспекторы – қамқоршылық кеңестің жаңа үлгілік қағаздарын басшылыққа ала отырып, ұйымдастыру мәселесі бойынша өз ұсынысын білдірді. 2017-2018 оқу жылында кеңес мүшелігіне сайланған ата-аналар комитетінің мүшесі Г.Б.Науанованы мүшеліктен

шығаруды және колледж қызметкері, кадрлар бөлімінің меңгерушісі
Примова Акмарал Мырзагалиевнаны кеңес хатшылығына сайлауды ұсынды.

Қамқоршылық кеңес мүшелері өзара талқылай келе бірауыздан
төмендегідей шешім қабылдады.

ШЕШІМІ:

1. Қаратау гуманитарлық - техникалық колледжінің қамқоршылық кеңесінің құрамына өзгерістер енгізілсін.
2. Г.Б.Науанова кеңес мүшелігінен шығарылсын.
3. Қамқоршылық кеңестің хатшысы болып колледж қызметкері Примова Акмарал Мырзагалиевна сайлансын.

Кеңес төрағасы



Қ. Жолдасов

Хатшы



Ұ. Аманжолова